

№ исх: 44-4/27164 от:
26.12.2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы
8 ғимарат, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7 (7172) 74-38-24

010000, город Нур-Султан, район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел
здание 8, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7(7172) 74-38-

e-mail: info@ economy.gov.kz

р, дом № 8, тел.: 8(7172) 74-38-01
e-mail: info@economy.gov.kz

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2019 жылғы 4 желтоқсандағы №ДЗ-190 сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің бәсекелестікті қорғау және дамыту бойынша шаралар кешенін әзірлеу мәселесіне қатысты сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Игілік баршаға! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» сайлауалды бағдарламасы мен «Бірге» жалпыұлттық акциясының барысында ел азаматтарынан келіп түскен ұсыныстарды жүзеге асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 68-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі негізгі тауар нарықтарындағы жағдайды талдауды аяқтады, оның нәтижелері бойынша Бәсекелестікті дамыту жөніндегі жол картасының жобасы әзірленді.

Жоба кәсіпкерлікке мемлекеттік қатысудың жоғары деңгейін төмендету бойынша шаралар кешенін, отын-энергетика, агроөнеркәсіптік кешен нарықтарында биржалық сауда көлемін ұлғайтуды, пайдаланылмайтын ресурстарды (жер, радиожиліктер) алып қою немесе бірлесіп пайдалану тетігін жетілдіруді, мемлекеттік қолдау және субсидиялау тетігін қайта қарауды, кәсіпкерлерге қойылатын біліктілік және өзге де талаптарды азайтуды, бағалық бәсекелестікке ықпал ететін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және салыстырмалы ресурстар салаларында көрсетілетін қызметтер операторларының өзара алмасымдылығы тетіктерін құруды көздейді.

Қауіпсіз шоғырлану шектерін айқындауға қатысты ЭЫДҰ стандарттарына және қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауар

нарықтарында монополиялық, үстем жағдайға тыйым салыбайтынын атап өтеміз. Сонымен қатар, мемлекет бірқатар тыйым салуларды белгілеу жолымен монополиялық, үстем жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметін шектейді және нарыққа жаңа қатысушылардың кіруі үшін әкімшілік, экономикалық және өзге де тосқауылдарды азайту бойынша қажет шараларды қабылдайды.

Сондай-ақ күнтізбелік бір жыл ішінде өз жағдайын бірнеше рет теріс пайдаланған жағдайда монополиялық, үстем жағдайға ие нарық субъектілерін мәжбүрлеп бөлу көзделеді. Олардың қызметі заңнама талаптарына сәйкес келген және нарыққа кіру тосқауылдары болмаған кезде жоғары шоғырлануды кәсіпкерлер нарықтың инвестициялық тартымдылығының көрсеткіші ретінде қарайды.

Меншік иелерімен үлестес емес немесе меншік иелері топтарымен өзара байланысты емес мемлекеттік кәсіпорындарды сатып алуды шектеу мәселесі бойынша Министрлік монополиялық жағдайдың пайда болуының алдын алу мақсатында заңнамада экономикалық шоғырлануды реттеу көзделгенін атап өтеді. Бұдан басқа, жекешелендіру объектілерін сату қағидаларында монополияларға қарсы заңнаманың талаптары қолданылатын мәмілелер туралы хабарламаны Мемлекеттік мүлік тізілімінің сату объектілерінің дерекқорына енгізілгеннен кейін күнтізбелік 60 күн өткен соң ғана жариялау туралы талаптар белгіленген.

Көрсетілген мерзімде жекешелендіру объектісін сату туралы болжанатын мәмілені монополияға қарсы орган бағалайды және тауар нарығында бәсекелестік шектелген жағдайда келісім берілмеуі мүмкін.

Бұдан басқа, Министрлік мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар үшін тауар нарықтарын шоғырландырудың, кәсіпкерлікке мемлекеттік қатысудың, шағын, орта бизнес үлестерінің нысаналы мәндерін белгілейтін бәсекелестікті дамыту стандарттарының ұлттық жүйесін енгізуді және тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйінің өзге де индикаторларын жоспарлап отыр.

**Құрметпен,
Министр**

Р. Дәленов

**Депутатам Мажилиса
Парламента Республики
Казахстан
(по списку)**

На запрос № ДЗ-190 от 04 декабря 2019 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш запрос о разработке комплекса мер по защите и развитию конкуренции, сообщаем следующее.

Во исполнение пункта 68 Плана действий по реализации предвыборной программы Президента Республики Казахстан «Благополучие для всех! Преемственность. Справедливость. Прогресс» и предложений, полученных в ходе общенациональной акции «Бірге», Министерством национальной экономики Республики Казахстан (*далее – Министерство*) завершен анализ ситуации на ключевых товарных рынках, по результатам которого разработан проект Дорожной карты по развитию конкуренции (*далее – Проект*).

Проект предусматривает комплекс мер по снижению высокого уровня государственного участия в предпринимательстве, увеличению объемов биржевой торговли на рынках топливно-энергетического, агропромышленного комплекса, совершенствованию механизма изъятия неиспользуемых или совместного использования ресурсов (земля, радиочастоты), пересмотру механизма государственной поддержки и субсидирования, снижению квалификационных и иных требований к предпринимателям, созданию механизмов сменяемости операторов услуг в сферах жилищно-коммунального хозяйства и сравнительных ресурсов, способствующих ценовой конкуренции.

Касательно определения порогов безопасной концентрации отмечаем, что в соответствии со стандартами ОЭСР и действующим законодательством Республики Казахстан монопольное, доминирующее положение на товарных рынках не запрещается. Вместе с тем, государство ограничивает деятельность субъектов рынка, занимающих монопольное, доминирующее положение, путем установления ряда запретов и принимает необходимые меры по снижению административных, экономических и иных барьеров для входа на рынок новых участников.

Также предусматривается принудительное разделение субъектов рынка, занимающих монопольное, доминирующее положение, в случаях

неоднократного злоупотребления своим положением в течение одного календарного года. При соответствии их деятельности требованиям законодательства и отсутствии барьеров входа на рынок высокая концентрация рассматривается предпринимателями, как показатель инвестиционной привлекательности рынка.

По вопросу ограничения приобретения государственных предприятий не аффилированными собственниками или не связанными между собой группами собственников Министерство отмечает, что в целях предотвращения возникновения монопольного положения законодательством предусмотрено регулирование экономической концентрации. Кроме того, правилами продажи объектов приватизации установлены требования об опубликовании извещения о сделках, подпадающих под требования антимонопольного законодательства, только по истечении 60 календарных дней после включения в базу данных об объектах продажи Реестра государственного имущества.

В указанный срок предполагаемая сделка по продаже объекта приватизации оценивается антимонопольным органом и при ограничении конкуренции на товарном рынке может быть не согласована.

Кроме этого, Министерством планируется внедрение национальной системы стандартов развития конкуренции, устанавливающих для государственных и местных исполнительных органов целевые значения концентрации товарных рынков, государственного участия в предпринимательстве, долей малого, среднего бизнеса и прочие индикаторы состояния конкуренции на товарных рынках.

С уважением,

Министр

Р. Даленов

*Исп.: Тургумбекова Ж.
74-27-09*

